



Y

Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп бағалап, алғашқылардың бірі болып оның ақындық зор тұлғасын дәл сипаттап, әдебиет, мәдениет пен қоғамдық ой-санамыздың дамуындағы орасан зор маңызын тұжырымда түрде айқындалап берген Ахмет Байтұрсыновтың осы бір нұсқалы сөзін есте тұта отырып айтудың деңгелім.

Бұл бүгінгіге дейнігі өрістетіліп, кеңеятіліп, әртүрлі бағытта нақтылай айттылып келе жатқан санаулан пікірлердің тіреп, алғашқы түйіні, асыл ұрық-дәні, ақиқат түйірі деуге лайық, өйткені ол — жай әншайін өлдекалай айтыла салмай, әбден барлап, ойлап, терене бойлап, байыбына барып, мөнісін жете аңғарып айтылған түйінді ой-тұжырымы.

Абайдың атын өлемге әйтілең, өзінің гылыми зерттеулерімен де, атақты «Абай жолы» дәүірнамасымен де абаитандыұ үлкен сара жола салған Мұхтар Әуезов та Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бекейхановтың пікірлерін жаңаша ой толғап, соны шешімдер іздеңенде үнемі тірек еткен ешбір дау туғызбайды. Ахмет Байтұрсынов Абайды бас ақын деп жоғары бағалап, қастерлегенде оның басқадай қасиеттерін, ұлы тұлғасының өзге жақтарын көре білmedі, дарыны, даналығы көп қырыл екенін тани алмады десек, ағаттық болмай ма?

Мұны айтып отырганымыз, бүтін Абайды мақтамак болғанда кейбір авторлардың ол ақынғана емес, ойшыл ғұлама деп көтеріп тастағандай болатыны байқалады. Әрине, Абай — ұлы ойшыл, ғұлама, езгеден мойны озық философ. Абайды хаким деу де орынды. Ол сөзді Абай өзі де қолданған. Абайды хаким деп Мағжан да бір өлеңінде атаптын бар. Хаким деген сөз тілімдеге жылдар бойы аз қолданылып, мағынасы қонергендей болып келді де, қазір жаңғырып қайта жаңданады. Алайда Мағжан Абайды «шың хаким, сөзін асыл, баға жетпес» деп сипаттағанды оның ойшылдығыны, даналығынан ақындығынан бөліп айтпаған.

Абайдың ойшылдығы, кеменгер философ екені терең ашылмай, жете айтылмай келгені рас. Тіпті таптық идеологияның кисынчына сәйкес бір жақты айтылған кездері де аз болған жоқ. Абайдың дүниеге, қоғамға көзқарасы, өсіреке алла, имандылық тұралы пікірлері бүрмаланып баяндалады. Бұл тұрғыдан қаралғанда Абайдың ойшылдығын баса айтудың әбден жөні бар. Абайдың дүниетанымы, философиялық көзқарастары тұралы енбекте солай етудің өзі бірден-бір қажет жөнемүнін өзі — ғылыми зерттеудің тәсілі. Бірақ бірде болмаса бірде кездесіп қалатын қарасөздерінде ойшылдық, даналық басым екен, өлеңдері таза поэзия гой деген секілді жаңсақ пікірлердің айттылуы еш дәлелсіз. Әрине, дүниенің өзгеріп дамуы, алла мен адамның болымы тұралы арнайы пікір толғаған сөздері өз алдына. Тіпті ондаған пікірлердің өзі де өлеңдерінде айттылып отырады гой. Қалай десек те, қай жағынан келсек те, Абай — алдымен ақын, қазақтың бас ақыны. Оны ақын деген ауыз толтырып айтудымыз керек. Ақын дегенді азырқанып, одан Абай ортайып қалатындағы көретін ештемесі жоқ. Өйткені шынайы үлкен ақын

болса, ақындықтың өзі де — дана-лық, өзі де — ойшылдық. Әрине, терең сезіммен жалғаса келетін, астасын жататын ойшылдық. Қоңе заманда Аристотель де нағыз поэзияның философиялық, дүние-танымдық сипат-қасиеті ерекше қуатты болатынын, тіпті қайсыбір зерттеу енбектердегіден де, мысалы, тарихи шоулулардан да артық, жоғары тұратынын атап айтқан болатын. Ғұлама ғалым Аристотель поэзия легенді жалпы сөз өнері, әдебиет деп кең мағынасында алған. Осындағы мағынада алсақ, қазақ поэзиясының, халықтың сөз өнер ұлглериңін, қын-жыраулардың толғау, терме, жыр өлеңдерінің философиялық мәні әр кезде өте күшті болғаны талассыз. Қазақ хал-

артуға үмтүлғаны да дәүір талабын аңғара білгендейінен. Сондықтан да Абай еткен тарихымызғана емес, бүтінгі асыл мұрамыз және алдагы мақсат-мұратымызды айқындалап бере алатын келешегіміз. Абай — бүтін де жастардың қылғай, ұлы ұстазы, жақсылардың жанаширы. Абай десек, Абай тұралы ой толғасақ, бүтін біз елдің елдігін, егемендігін, берекелі болуын қоса ойлаймыз.

Абай поэзиясы қазақ әдебиетіндегі мұлде жана құбылыс, жана кезең болғанын айта отырып, қынның шығармашылық өнерінің негізгі тіреп, сарқылмас қайнар көзі — халық поэзиясы, жүзеген жырау, жыршы, қындарды туғызған халықтың санғасырлық бай әдеби мұрасы дейміз.

ҚАЗАКТЫН БАС АҚЫНЫ

Зәки АХМЕТОВ,
академик.

Халық поэзиясымен терең та-мырластыры Абайдың ақындық тұлғасына ана сүтімен біткен қасиетті ұлттық, даралық сипат бергені даусыз. Сонымен қатар ол алғаш ақындыққа бой ұрган кезінен бастап шығыс ақындарының өлең-жырларын көп зерттеп, кейінрек өнердегі жаңа өзінде атаптындағы ақындарының, соның ішінде нақтылы өз мағынасында айттылатын философияның ара-жіктері ажырап кеткен кейінгі, бүгінгі ұғым бойынша, әрине, ақын деген бір нәрсе де, ойшыл ғұлама, дана деген басқа өнерсөкөрнегінің түсінікті. Ал Абайдың ақындығы мен ойшылдығын, данағөйлігін ажырату оңайға түспейді, әр қырынан қарастыру ушын ажыратып қөріненің өзінде, бөліп алып айтуда кейде ынғайы келсе, көбінесе оның өзі үтимды болып шықпайды.

Абай ұлы ақын, Абай — дара

дегенде оның поэзиясын әдеби, музикалық бүкіл шығармашылық мұрасында тән жаңашылдықты айттымыз. Абай ұлы ойшыл, Абай — дана дегенде де оның үлкен философиялық ой толғаған жеке туындыларын есепке алumen шектелмей, қоғамдық өмірдің сан-алуан салаларына қатысты, дүние-болмыс, заман ағымы, халық тағдыры тұралы аса маңызыды ой-пікірлерін тұтас алып, замандастары мен

кейінгі үрпақтарының ой-санасын жаңа белеске көтерген зор мәнін ескере отырып айттымыз. Оның жаңашылдығы мәдениеттегі, әдебиеттегі, қоғамдық ой-санадағы дәстүр мен жаңашылдықтың жалғастырын танытады. Ол ақын поэзиясының, әдеби мұрасының, халықтық сипатынан тұйнайды. Абайдың озық ойшылдығы — халық даналығының бійк қорінісі. Абай тұған халықтың арман-мұлдасын де, жалпы адамзаттың мұраттарын да терең түсіне алды. Оның көршілес, жақын едермен жанасып, дүние жүзінің озық әдебиетті мен мәдениетіне қол

сияқты өзінің қамықан, қажығандай көніл-куйн осы өлеңдердің бастапқы жолда-рындаға айтады. Осылай ба-рып, ішкі сырлы ақтарынан тай-көрсетеді де, одан ері бірыңғай айналадағы өмір, әртүрлі адам-дардың жағымсыз іс-әрекеттері, қарекет-мінездері туралы ай-туға ойысады. Ақынның өзінің өмір сүрген ортани, тағдырын талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың, ел-жүрттүң бейнесін асқан көркемдік шеберлікпен суреттейтінін «Қалың елім, қазағым, қайран жүрттүм» өлеңінде айқын аңғарамыз. Осы өлеңде, домбыра сазындағы алғашқы құлақ қүйіндей болып, жүрек толқытатындағы жылы леп беретін «Қазағым», «елім», «қайран жүрттүм» деген ақын тұған халық үшін жаны ашып, елжіреп отырғанын көрсететін сөздер онан кейінгі айтылғаның бөріне басқаша мағына, өзгеше ренк дарытады. Дәл осындағы терең толғаныстан шыққан сынышылдықта толы өлеңде мұндай сезім жылышы кездесе бермейді. Сондықтан да елдің күйзелген жағдайын аңдататын:

Устарасыз аузына түсті мұртың,

Жақсы менен жаманды ай-ырмадын.

Бірі май, бірі қан боп енді екі үртсы, —

деген сипаттаулар жалпақ жүрттұралы айтылса да, артық айтылғандай сезілмейді. Ондай сөздерді де, немесе:

Бет бергенде шырайың сон-дай жақсы,

Қайдан гана бұзылды сарт-ша сыртын, — дегенді де барлық адамға, сол кездегі қазақ атаулыға түгел бірдей қатысты көрмей, нысаналы жеріне ба-рып тиетін сөз деген түсінгендейміз. Қажет деген жерінде ақын созтигізетін адам-дар тобын саралап, бөліп айтады. Мысалы, «үқпайсын өз сөзінен басқа сөзді» дегені өңкей қырт, мылжынадамдарға қатысты болса, «Бас-басына би болған өңкей қықым» дегені елдің сиқын бұзып жүрген, қолындағы күші азайған ұлық-қа, мансабы жоғары шенеунікке бағынышты болыстаға қатыссы.

Абайдың алдындағы ақындардан Бұқар, Дұлат, Шортанбай, Мұрат, Махамбеттің айрықша боліп айтудаға болар еді. Сонда Бұқарды тамыры ертедәүірдентартылған, исі қазақ жыраулық поэзиясының ең көрнекті оқілі, насиҳат, гибрат түріндегі толғау, терме жырлардың асқан шебері деуімзеге болады. Ал Дұлат, Шортанбай, Мұратты Абайға жақын, тікелей жалғас заманың, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындарға талассыз.

Абайдың алдындағы ақындардан Бұқар, Дұлат, Шортанбай, Мұрат, Махамбеттің айрықша боліп айтудаға болар еді. Сонда Бұқарды тамыры ертедәүірдентартылған, исі қазақ жыраулық поэзиясының ең көрнекті оқілі, насиҳат, гибрат түріндегі толғау, терме жырлардың асқан шебері деуімзеге болады. Ал Дұлат, Шортанбай, Мұратты Абайға жақын, тікелей жалғас заманың, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын айқын көре білген, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған ақындарға талассыз.

Абай поэзиясынан бір-неше өзекті, маңызды тақырыптар түйіспін, шығарлынып көлөтін өлең — «Серіз аяқ». Осы өлеңінде ақын елдің берекесін көтіреп, көзін аштырмай отырған бір-бірімен дауласу, қастасу, домалак арзы беру секілді жаман әдettер екенін нақтылап көрсетеді.

Елді бірлікке, татулыққа шақыру — өлеңнің ен бір күшті сарыны.

Бірінді, қазақ, бірің дос

Көрмесен, істің бәрі бос, — деген үлкен қоғамдық мәні бар терең мағыналы түйінді ойына ақын ерекшеге төбіреніспен айтады.

Ғылым-білімді үағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы қандай. Ненерсеге болына ақыл — таразы («ақыл-мизан, өлшеу қыл»), дүниенің сырлы танып білуге ақылдың мүмкіндігі шекспіс мол деген санаиды.

Абай ақыл тұралы айтқанда ақылдылық, естілік деген үтім-

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

(Соңы. Басы 3-бетте).

мен, ақылмен танып-түсінүү қабілетін білдіретін үгымды ажыратып, оларды екі нәрседеп қарайды. «Әуелде бір сұық мұз — ақыл зерек» дегенде Абай ақылды осы соңғы мағынасында алған. Философиялық түрғыдан келіп ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі үгым деп қаралған Абай «сұық ақыл» мен «ыстық жүрек» (ыстық сезім) бір-бірін толықтырады деп санаиды. Осы екеуіне қарыт, жігер қосылсағана, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді.

Абай поэзиясының танымдық, тәрбиелік мәнін терең түсініп, оны адам мінезін, заманды түзетудің күшті құралы деп қаралғанын көптеген өлеңдерінен, есіресе, сөз өнері, өн-күй туралы ой-толғамдарын ариналы баяндайтын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең — сөздін патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе қаралы — ол», «Көніл құсы құйқылжыры шар тараңқа», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Әзеге көnlім тоярсың секілді шығармаларынан толық байқаймыз. Ұлы ақын өлеңді, поэзиялық шығарманы кім қалай қабылдайтына, яғни тындаушыларға үлкен мән береді. Сөзді түсінетін, зейіні жетіп үгатын, содан өзіне сабак алатын адамдар болсағана, оның ықпал-әсері күшті болатынын естен шығармайды.

Абайға дейінгі қазақ ақын-жыршылары шығыс халықтарының азы-ертеғілерін, дастандарын қызықтаап, ел арасынан жырғып таратып келсе, енді орыс әдебиетін оқып, үйренуге, орыс ақын-жазушыларының шығармаларын насиҳаттауға қөніл бөліне бастанды. Әрине, шығыс халықтарының әдеби һұсқаларына құштарлық, тақейбимесе азайған жоқ. Абайдың поэмаларына негізінен шығыс сарындары арқау болғаны белгілі. Шығыс әдебиетінен келген сюжеттер көлтеп таныс үйреншікті дүние секілді болса, орыс әдебиеті, поэзиясы мұлда жаңа құбылыс еді. Орыс классиктерінің шығармалары қазақ даласында озат адамгершілік идеялардың жаршысы бола алатыны Абай назарынан тыс қалмағаны анық. Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалық көп болса да, ол поэзиялық шығармаларды аударуга келгенде үлкен талғампаздықпен қарал, Пушкин, Лермонтов, Крылов секілді ақындардың кейбір өлеңдерін ғана іріктең алады.

Абайдың аудармалары жайлай сөз қозғағанда, оларды саралап, жіктел, орыс классиктерінен аударма және белгілі шығарманын сарындымен жазылған төл шығарма деп екі топқа бөліп қарастыру қажет. Өйткені, аударма деп аталашип, аударма саналып жүрген бірталай өлеңдері, әрине, осы сөздің бүтінгі қызыптасқан, қолданылып жүрген тұра мағынасындағы аударма емес. Олар — не бір белгілі шығармамен сарындағас келетін, жарыса жазылған, көп дегендеге жартылай тәржималанған, түгелдей алғанда өзіндік төл тұма шығармалар.

Абай қарасөздерінде әңгімесүхбат жанрының өзіндік өзгешелігін толық пайдаланып, адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген қарекеті,

мінез-құлқы,

адамгершілік, имандылық секілді бірталай қөкейкесті өлеуметтік мәселелерді көнінен толғайды, үлкен көрекендікпен көптеген құнды шікірлер түйеді. Егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу қажеттігін елдің әмір-тұрмыс жағдайына, негізгі қарекетіне, құнделікті атқарытын істеріне байланыстыра айтады, халықтың әмірін, әртүрлі топтың өкілдерінің мінез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жан-жақты талдай отырып сөз етеді. Болыс сайлау мәселесін сөз қылғанда да сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдет-ғұрпышын, үгым-түсінігін толық ескеріп отырады. Абайдың қарасөздері қазақ әдебиетінде көсемсөз, көркем прозаның қалыптастысып дамуына соны із салған елеулі жаңаңыз еді.

Абайдың шығармаларында ойшылдық пен суреткерлік ажырамас бірлік тауып, аса маңызды, азamatтық, халықтық мәселелерді терең толғайтын жаңа сапалы поэзияның тууына негіз болды. Қазақ әдебиеті шынайы жазба әдебиет үлгісіндегі нағыз лириканың жаңа түрлерімен молықты жөнен осының өзі Абайдың үлттық поэзиямыздың ой-сезім жүйесін шексіз байытып, сөздін мағыналық, суреттілік қуатын арттыруына, тіл ұстартына зор мүмкіншілік тұғызып, бұл салада ақынның жаңаңыз табуына ақ жол ашты.

Кейінгі кездерде Абайды әр қырынан танып-түсінуге себі тиерлікте құнды пікірлер айттылып жүргені құптарлық демекпіз. Сонымен қатар ара-кідік артық-кем айтылғандары да бой көрсетіп қалады. Абайдың әлемдік кеңістікке шығарудың жөні осы деп оны әркімен (олар қашақ мыңты болса да) оп-оңай жақындастыруға бейім түрушшылық орынды дей алмаймыз. Өйткені жекелеген ой-пікір, сөздер мен сөз тіркесінің үқасшығы деген кімнен де болсын табылады. Әзгеден өнеге алу да әр ақында, ойшыл адамда бола береді. Бірақ басқадан ықпал, әсер алыш ешкім де ұлы ақын, дана ойшыл бола алмайтынын естен шығармаган жөн.

Абайдың нағыздана жаңа дара екенін асқан көрекендікпен тани білген Ахмет Байтұрсыновтың «Абайды қазақ баласы тегіс таңып, тегіс білуі керек» дегенін де еске алған артық болмас. Бұл осы ғасырдың бас кезінде айттылған, алайда бүтінде мәнін жойған жоқ. Қанша жемістеріміз бен жетістіктеріміз бар десекте, қазіргі жастардың жайын ойласақ, жетпей жатқаны да аз емес. Абай сөздерін төм ақындық өнерге, әдебиетке құштар жастар ғана емес, жас буын өкілдері тегіс білуі керек екенін атап айтсақ, Ахан айтқан осы ойды үнемі естеттүгі қажеттігі айқындала түседі.

Ал Абайды басқа елдердің өкілдеріне таныту жағынан да бірталай іс тындырыған белгілі дей отырып, бұл бағытта да әлі атқарылуға тиіс шаралар шашетектен. Абай мұрасын басқа тілдерге аудару, оны шет тілдерінде насиҳаттау алдағы кездерде жағасын таба бергені аблаз.

Озі туған халқының әдебиетімен қатар дүние жүзі мәдениетіне үлкен үлес қосқан ұлы Абайдың өлмес, өшпес мұрасы халқымыздың иғлігіне аса берумен бірге басқа елдердің де көдесіне жарап, рухани қажетін өтей беретіні көміл.

Оқырманнан он ұсыныс

8. «Әнді сүйсен, менше сүй» деген Абай үрдісімен Абай әндері жөнінен арнаулы конкурстар үйимдастырылса.



Абай поэзиясы қазақ халқын Пушкинмен таныстырып, Пушкин арқылы бүкіл орыс әдебиетімен табыстырыды.

Леонид СОБОЛЕВ.



● Есімі — үрпакқа үран, өлеңі — елгемүра

«Егемен Қазақстан», 9 тамыз 1995 жыл